

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ



ПРЕМЬЕР-МИНИСТР
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламентінің Мәжілісі
«Ақ жол» ҚДП
фракциясының депутаттарына

2021 жылғы 16 қыркүйектегі
№ ДС-266

Құрметті депутаттар!

Сіздердің цифрландырудың платформалық моделіне көшуге қатысты сауалыңызға мынаны хабарлаймыз.

Цифрландыруды дамыту және алдыңғы жылдары бюджеттен бөлінген қаражатты игеру мәселелеріне қатысты

«Ақпараттандыру туралы» Заңға сәйкес есептердің негізділігін, «электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектілерін құруға және дамытуға бағытталған бюджеттік инвестициялық жобаның жүзеге асырылуы мен тиімділігін айқындау тұрғысынан бағалауды ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган (*Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі*) жүзеге асырады.

Цифрландыруды дамытуға қаражат бөлу халықаралық тәжірибені ескере отырып, ақпараттық қоғамнан және толық ауқымды цифрландырудан цифрлық трансформацияға кезең-кезеңмен көшу шеңберінде жүзеге асырылды.

2013 жылдан бастап тиісті міндеттер «Ақпараттық Қазақстан 2020» және «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламаларында іске асырылды, оларда шамамен 324 млрд теңге қаражат көзделіп, мемлекеттік органдардың 400-ге жуық ақпараттық жүйесі құрылған.

Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерін әзірлеу және интеграциялау бойынша аталған кешенді жұмыс Қазақстанды электрондық үкіметтің даму деңгейі бойынша БҰҰ рейтингінде әлемнің 193 елі арасында 29-орынға шығаруға мүмкіндік берді.

«Platform V» платформасында цифрлық трансформациялау жобаларын іске асыру саласындағы ынтымақтастық туралы меморандумға қол қоюға қатысты

Ағымдағы жылғы қыркүйекте Цифрлық трансформация, цифрландырудың платформалық моделіне және «Data-Driven Government» тұжырымдамасына көшу жөніндегі жобаларды іске асыру саласындағы ынтымақтастық туралы меморандумға (бұдан әрі – Меморандум) қол қойылды.

Анықтама үшін: Меморандумға Қазақстан Республикасының Үкіметі мен «Сбербанк» ЖАҚ арасында Қазақстан және Ресей мемлекеттері басшыларының қатысуымен өткен Шығыс экономикалық форумы аясында қол қойылды.

Платформалық шешімдер саласындағы көшбасшылармен (*Amazon Web Services, Microsoft Azure, Google Cloud Platform және т.б., оның ішінде отандық IT-компаниялардың мүмкіндіктері қаралды*) қатар СБЕР компаниялар тобын тарту мәселелері халықаралық тәжірибені талдау мен АТ-қоғамдастықпен талқылауды ескере отырып, жан-жақты зерделенгенін атап өткен жөн.

«Platform V» СБЕР өнімінің негізгі артықшылығы ақпараттық қауіпсіздік және дербес деректерді қорғау талаптарына сәйкестігі болып табылды.

Енгізілетін цифрландырудың платформалық моделінің одан әрі жұмыс істеуі және қолданыстағы сервистердің орын ауыстыруы мақсатында Меморандумда толыққанды цифрлық трансформация үшін қазақстандық мамандар мен IT-компанияларды тарту бойынша екіжақты ынтымақтастық көзделген.

Цифрлық трансформация жобасын іске асыру барысында ақпараттық қауіпсіздік мәселелеріне қатысты

Меморандум шеңберінде Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Мемлекеттік техникалық қызметі жүзеге асыратын ақпараттық қауіпсіздікке кепілдік берудің нақты шарттары айқындалды.

Сондай-ақ ұлттық қауіпсіздік органдары белгілеген талаптарға сәйкес шетелдік техникалық мамандардың платформаның және (немесе) «электрондық үкіметтің» ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымына қол жеткізу тәртібі регламенттелген.

Тұтастай алғанда, цифрландырудың платформалық моделіне көшу мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінің интеграциясы мен тиімділігін арттыру мәселелерін жедел шешуге бағытталған, бұл өз кезегінде оларды құру мен сүйемелдеуге арналған шығыстарды одан әрі оңтайландыруға мүмкіндік береді.

А. Мамин